

Қазақстан Республикасында
стационарлық көмек
көрсету қағидаларына
15-қосымша

"Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру"		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйым (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал)
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 (отыз) минут; 2) қызмет алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - үзінді көшірме берілген сәттен бастап 60 (алпыс) минут. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде жүгінген күні көрсетіледі. Бұл ретте мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға сұрау салу көрсетілетін қызметті берушінің жұмысы аяқталғанға дейін 2 сағат бұрын қабылданады (жұмыс күндері сағат 18.00-ге дейін)
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық және (немесе) қағаз түрінде (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	1) көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде - нысан бойынша стационарлық науқастың медициналық картасынан қағаз түрінде үзінді. 2) порталға жүгінген кезде электрондық форматта - жеке кабинетте электрондық өтінім мәртебесі түрінде хабарлама
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тегін
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші - демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, үзіліссіз сағат 8.00- ден 17.00-ге дейін. Көрсетілетін қызметті алушыларды қабылдау кезек тәртібімен жүзеге асырылады. Алдын ала жазылу және жедел қызмет көрсету қарастырылмаған. 2) портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде).
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	көрсетілетін қызметті берушіге: 1) тікелей жүгінген кезде жеке басын сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат;
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	-

10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер бойынша бірыңғай байланыс-орталығының 8-800-080-7777, 1414 телефоны бойынша ақпарат алу мүмкіндігі бар.
----	---	---